

Елбасының алдында

Б.ЛАҚАДЫЛ

2007 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Екібастұздағы «Қайнар» балалардың бос уақытын қамту кешенінің ашылуына қатысқаны белгілі. Сол жолы оқушылар арасындағы байқауда алдын ала іріктеуден өткен Аллажар Елбасының алдында көркемсөз оқу құрметіне ие болды.

— Президентіміз келеді дегенде қатты қуандым. Өйткені біз Елбасын тек теледидардан көретін едік. Көркемсөз оқу іріктеуінен сүрінбей өтсем, Елбасын жақынырақ көретін болдым деген қиялым алға жетеледі. Жүздестік. Бәрі ойдағыдай болды. Оқушылардың қуанышында шек жоқ. Арада біраз жыл өткеннен кейін Президентпен қайта жүздестім. Оған да қаламыздағы тағы бір мәдени орданың - өзім домбыра сыныбына баратын балалар музыка мектебінің ашылуы себеп болды. Бұл жолы да жүргізушілік тізгінді ұстаған мен біршама еркін болдым. Кешті жүргізіп қана қоймай, ән де шырқадым, — дейді Аллажар.

Аллажардың репертуарындағы әндердің дені патриоттық тақырыпта. Ол қалалық «Отаным — алтын бесігім» және «Әнші балапан — 2012» ән фестивальдарында «Қазақ елі» әнін орындап, бас жүлдені жеңіп алған.

Қалалық Абай оқуларында бес

Қала жұртшылығына шебер жүргізуші ретінде танылған Аллажар Саттар - «Зерде» мамандандырылған дарынды балалар мектебінің 9-сынып оқушысы. Оқу озаты. Сынып жетекшісі Ақілес Әділбайқызының айтуынша, оның мәнгерлеп оқу қабілеті 1-сыныпта-ақ байқалған.



Өнер көрсеткен

рет жүлделі орыннан көрініп, «Көңілім әнді ұғады» аталымының облыстық кезеңінде 2-орынға қол жеткізген Аллажар Абайдың елуге тарта өлеңін жатқа біледі. Сондай-ақ, «Республикам менің» атты мәнгерлеп оқу сайысында - I орынды, «Бөбек» қорының ұйымдастыруымен «Өзін-өзі тану» пәні бойынша өткізілген республикалық олимпиадада III орынды иеленіп, «Менің Отаным — Қазақстан» мәнгерлеп оқу жарысында Гран при иегері атанған. Ал 2012 жылы Президенттік шыршада өнер көрсетіп, облыс әкімінің алғыс хатын алды.

Талай рет өнер биігін бағындырған дарынды өренді Елбасымен

болған екі жүздесу қанаттандыра түсті.

Суреттер А.Саттардың фотоархивінен

